

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі N 765 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 наурыздағы № 243 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.30 № 243 Қаулысымен.

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне республикалық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе сенімгерлік басқаруға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 327 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 15, 156-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "республикалық" деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

2-тармақ алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне республикалық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе сенімгерлік басқаруға беру ережесінде:

тақырыбындағы және мәтіндегі "республикалық" деген сөз алынып тасталсын ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Республикалық мемлекеттік меншік объектілері бойынша тендерлерді аумақтық және өңірлік мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттері (бұдан әрі - аумақтық органдар) өткізеді.

Коммуналдық мемлекеттік меншік объектілері бойынша тендерлерді коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органдар ө т к і з е д і . " ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру жөніндегі тендерге бір жылдан астам мақсаты бойынша пайдаланылмаған, аумақтық органдар (коммуналдық

мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органдар) мен мемлекеттік басқару органдары өкілдерінің ұйымдарға қатысты ұйымдар мүлкінің тиімді және мақсатты пайдаланылуына жыл сайынғы жүргізген тексерулері барысында айқындалған объектілер қойылады.";

5, 8, 31, 33, 37, 38, 40, 41 және 42-тармақтарда "комитеттер", "комитет", "комитеттің", "комитеттердің" және "комитетке" деген сөздер "органдар (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органдар)", "орган (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган)", "органның (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның)", "органдардың (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органдардың)" және "органға (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Объектілерді тендерге қою мемлекеттік басқару органымен келісілуі тиіс. Республикалық мемлекеттік меншіктегі объектілерді тендерге қоюды аумақтық органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен қосымша келіседі.";

8-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық мемлекеттік меншіктегі объектілер бойынша комиссияның құрамына аумақтық органдар мен мүдделі министрліктердің, агенттіктердің, ведомстволардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінен басқа жергілікті атқарушы органдардың өкілдері (келісім бойынша) енгізілуі мүмкін. Аумақтық органның өкілі комиссия төрағасы болып табылады.

Коммуналдық мемлекеттік меншіктегі объектілер бойынша комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен басқа министрліктердің, агенттіктердің, ведомстволардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің (келісім бойынша) өкілдері енгізілуі мүмкін. Коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның өкілі комиссия төрағасы болып табылады.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) өтініштеріне қарай тендерге қатысушыларға беру үшін тендерлік құжаттама жиынтығын дайындайды.";

11-тармақ алынып тасталсын;

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Объектілер бойынша ақпараттық хабарламалар мерзімді баспа басылымдарында тендер өткізу жарияланған күнге дейін 15 күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға және мынадай мәліметтерді:";

13-тармақ алынып тасталсын;

16-тармақтағы "қамтамасыз етуге міндетті" деген сөздер "қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтың қазақ тіліндегі мәтінінде:

1) тармақшадағы "қатысуға" деген сөз "қатысуы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "алуға" деген сөз "алуы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "қарауға" деген сөз "қарауы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4) тармақшадағы "жүгінуге" деген сөз "жүгінуі" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "алуға құқылы" деген сөздер "алуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

22-тармақтың екінші абзацындағы "қатысуға құқығы бар" деген сөздер "қатысуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

31-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

32-тармақтың 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

"Шартта міндетті түрде, егер өндірістік қызмет және халыққа қызметтер көрсету шарт жасалған күннен бастап алты ай ішінде ұйымдастырылмаған жағдайда, оның бұзылуға жататындығы көзделуі тиіс.";

42-тармақтағы "республикалық" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

Ережеге қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне
мемлекеттік меншіктің
пайдаланылмайтын объектілерін кейіннен
меншікке өтеусіз беру құқығымен
мүліктік жалға алуға (жалға беруге)
немесе сенімгерлік басқаруға беру

ережесіне қосымша

**Объектіні шағын кәсіпкерлік субъектісіне
меншікке өтеусіз беру туралы**

ҮЛГІЛІК ШАРТ

_____ қаласы 200__ жылғы "___" _____ N _____

Бұдан әрі "Уәкілетті орган" деп аталатын _____

(Ережені бекіткен мемлекеттік орган атауы)

200__жылғы "__"____ N __бұйрығымен бекітілген_____
(аумақтық органның

(коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті атқарушы

о р г а н н ы ң) а т а у ы)

Ереженің негізінде әрекет ететін_____

(аумақтық органның (коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге
_____, _____ тұрғысында
уәкілетті атқарушы органның) атауы) (уәкілетті тұлғаның аты-жөні)

бір тараптан және бұдан әрі "Кәсіпкер" деп аталатын_____
_____ негізінде әрекет ететін
(заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері

немесе жеке тұлғаның аты-жөні мен мекен-жайы)

шағын кәсіпкерлік субъектісі_____
(уәкілетті тұлғаның аты-жөні)

тараптан мына төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Кәсіпкер оны сатып алу құқығын Уәкілетті органдағы
200__жылғы "__"____тендерде, тендер хаттамасының N__ және
Уәкілетті органның 200__жылғы "__"____N____мүліктік жалға алу
(сенімгерлік басқару) шарты талаптарының орындалуы туралы
200__жылғы "__"____N____бұйрығымен құрылған комиссия,
200__жылғы "__"____N____және 200__жылғы "__"____N____
хаттамалар, қорытындысының негізінде иеленген бұдан әрі "Объект"
деп аталатын алаңы_____шаршы метр _____
мекен-жайында орналасқан _____

(о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

Кәсіпкердің меншігіне өтеусіз беру Шарттың мәні болып табылады.

2. Уәкілетті орган береді, ал Кәсіпкер жалға беру (сенімгерлік басқару) шартын жасасу сәтінде қалдық сомасы _____ теңге объектіні өтеусіз с а т ы п а л а д ы .

(ж а з у м е н)

Объектіні беру осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Объекті қабылдау-беру актісінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Осы шарт қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Уәкілетті орган осы шарт жасалған сәттен бастап 3 күннің ішінде қабылдау-беру актісі бойынша Объектіні Кәсіпкерге беруге міндеттенеді. Уәкілетті орган Объектіні кәсіпкердің меншігіне берген сәттен бастап үш жыл ішінде объектінің _____

(шағын кәсіпкерлік субъектісі қызметінің түрін көрсету)

мақсаттарда пайдаланылу тұрғысына тексерулер жүргізуге құқылы.

5. Кәсіпкер үш жыл ішінде объектіні _____

(шағын кәсіпкерлік субъектісі қызметінің түрін көрсету)

мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

Кәсіпкер үш жыл ішінде Объектіге билік етуді Уәкілетті органның келісімі болған кезде ғана жүзеге асыра алады.

6. Объект мақсаттан тыс пайдаланылған жағдайда, Кәсіпкер объектінің сақталуын қамтамасыз етпеумен байланысты келтірілген материалдық залалдың орнын толтыра отырып, объектіні Уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

3. Қосымша шарттар

7. Осы шарт оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

8. Шарт заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде төрт данада жасалды, оның екеуі Уәкілетті органда, екеуі Кәсіпкерге қалдырылады.

4. Тараптардың орналасқан жері мен қолдары

Уәкілетті органның атауы

заңды тұлғаның атауы немесе жеке

тұлғаның аты - жөні

қаласы

қаласы

көшесі

көшесі

үйінің N _____
телефоны _____
Уәкілетті орган басшысының
лауазымы

М.О.

үйінің N _____
телефоны _____
Басшы _____

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК